

**Жезқазған қаласы бойынша пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер салығының базалық мөлшерлемерін жоғарылату туралы**

*Күшін жойған*

Қарағанды облысы Жезқазған қалалық мәслихатының 2021 жылғы 19 ақпандағы № 2/20 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 3 наурызда № 6225 болып тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Жезқазған қалалық мәслихатының 2022 жылғы 29 наурыздағы № 17/147 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Жезқазған қалалық мәслихатының 29.03.2022 № 17/147 шешімімен (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) Кодексіне, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына сәйкес қалалық мәслихат ШЕШТІ:

1. Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес, Жезқазған қаласы бойынша пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер салығының базалық мөлшерлемелері он есеге жоғарылатылсын.

2. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы*

*Жезқазған қалалық мәслихатының хатшысы*

*С. Жумкина*

*С. Медебаев*